

Түркістан облысы әкімдігінің
«26» наурыз
қарарына қосымша

**«Түркістан облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік
бағдарламалар басқармасының «Арнаулы кәсіптік колледжі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
Жарғысы**

1. Жалпы ережелер

1. Түркістан облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «Арнаулы кәсіптік колледжі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – мемлекеттік мекеме) заңды тұлға мәртебесіне ие, мүгедектігі бар азаматтарды оқыту, орналастыру және медициналық қамтамасыз ету жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы коммерциялық емес ұйым болып табылады.

2. Мемлекеттік мекеме 2018 жылғы 22 тамыздағы №247 Түркістан облысының әкімдігінің шешімімен құрылды.

3. Мемлекеттік мекеменің құрылтайшысы Түркістан облысының әкімдігі (бұдан әрі – Құрылтайшы) болып табылады.

4. Мемлекеттік мекеменің Уәкілетті органы, сондай-ақ оған байланысты мемлекеттік мекеменің мүлкіне қатысты құқық субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын орган «Түркістан облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Уәкілетті орган) болып табылады.

5. Мемлекеттік мекеменің атауы: Түркістан облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «Арнаулы кәсіптік колледжі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

6. Мемлекеттік мекеменің тұрған жері: Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, 160400, Кентау қаласы, Д.Қонаев даңғылы, № 28 үй.

2. Мекеменің заңды мәртебесі

7. Мемлекеттік мекеменің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес теңгерімі, банкте шоттары, бланкілері, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және мемлекеттік мекеменің атауы жазылған мөрі болады.

8. Мемлекеттік мекеме басқа заңды тұлғаны құра алмайды, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды, Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда.

9. Мемлекеттік мекеме өзінің міндеттемелері бойынша өзінің кепілдігіндегі ақшамен жауап береді. Мемлекеттік мекемеде ақша жеткіліксіз



болған кезде оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бірлік тиісті бюджет қаражатымен субсидиялық жауапты болады.

10. Мемлекеттік мекеменің азаматтық-құқықтық мәмілелері, олардың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшелерінде міндетті тіркелгеннен кейін, күшіне енеді.

3. Мемлекеттік мекеменің қызметінің мәні мен мақсаттары

11. Мемлекеттік мекемесі қызметінің мәні мен мақсаттары денсаулық жағдайы бойынша арнаулы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж 15 пен 29 жас аралығындағы мүгедектігі бар азаматтарға (бұдан әрі – білім алушылар) Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 263 «Халықты әлеуметтік қорғау саласында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес арнаулы әлеуметтік қызметтердің кепілдік берілген көлемін көрсету, сондай-ақ Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес жұмысшы мен орта буын мамандарын даярлауға бағытталған білім беру.

12. Мемлекеттік мекеме қызметінің мақсаты халықты әлеуметтік қорғау саласында жартылай стационарлық жағдайларда арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсету стандарттарына сәйкес білім алушыларды арнаулы әлеуметтік қызметтердің кепілдік берілген көлемімен қамтамасыз ету, сондай-ақ ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби даярлауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау.

13. Мемлекеттік мекеме мақсатқа қол жеткізу үшін оқу үдерісінде білім алушыларға сапалы білім беруді, оның ішінде медициналық, әлеуметтік және оңалту қызметтерін көрсетуді қамтамасыз ете отырып, мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

- 1) білім алушыларға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарына сәйкес арнаулы әлеуметтік қызметтердің кепілдік берілген көлемін көрсету;
- 2) әлеуметтік-тұрмыстық қызметтерді көрсету, жасы мен денсаулық жағдайын ескере отырып, үй жағдайында барынша жақын тұрмыстық жағдай жасау;
- 3) әлеуметтік-медициналық қызметтерін көрсету;
- 4) әлеуметтік-мәдени қызметтерін көрсету;
- 5) әлеуметтік психологиялық қызметтерін көрсету;
- 6) әлеуметтік-педагогикалық қызметтерін көрсету;
- 7) әлеуметтік-еңбек қызметтерін көрсету;
- 8) әлеуметтік-экономикалық қызметтерін көрсету;
- 9) әлеуметтік-құқықтық қызметтерін көрсету;
- 10) білікті жұмысшы кадрлар мен орта буын мамандарын даярлау;
- 11) ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
ТЕКСЕРІЛДІ

жетістіктері негізінде жеке тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби даярлауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау;

12) азаматтық пен патриотизмге, өз Отаны – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздер мен мемлекеттік тілді құрметтеуге, халық дәстүрін қастерлеуге, Конституцияға және қоғамға қайшы келетін кез келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу;

13) кәсіптік білім берудің қоғам мен еңбек нарығының өзгермелі қажеттіліктеріне тез бейімделуіне ықпал ететін оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кредиттік, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану;

14) білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, арнайы жағдайлар жасау;

15) білім алушылардың бойында имандылық пен салауатты өмір салтының берік негізін қалыптастыру, еліміздің қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттілігін, сондай-ақ өз құқықтары мен міндеттерін ұғыну.

14. Мемлекеттік мекемеге осы Жарғыда бекітілген өз қызметінің мәні мен мақсаттарына сай келмейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелер жасауға тыйым салынады.

15. Мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасының заңдарымен немесе құрылтай құжаттарымен нақты шектелген не оның басшысының жарғылық құзыретін бұза отырып, қызмет мақсаттарына қайшы жасалған мәміле Уәкілетті органның немесе прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

4. Іске асырылатын білім беру бағдарламаларының тізбесі

16. Оқу процесінің мақсаты – техникалық және кәсіптік білім берудің білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын оқу-тәрбие жұмысын жоспарлау және есепке алу болып табылады.

17. Білім беру бағдарламалары олардың мазмұны мен білім алушылардың даярлық деңгейіне қарай бөлінеді:

1) жалпы білім беретін, жалпы гуманитарлық, жалпы кәсіптік және арнайы пәндерді оқуды, өндірістік оқудан және кәсіптік практикадан өтуді немесе базалық және жалпы гуманитарлық мамандықтарды оқуды қоса алғанда, білікті жұмысшыларды даярлауға бағытталған бағдарламалар, сондай-ақ жұмыс біліктілігін беру арқылы өндірістік оқытудан және кәсіптік практикадан өту;

2) жалпы білім беретін, әлеуметтік-экономикалық, жалпы гуманитарлық, жалпы кәсіптік және арнайы пәндерді, өндірістік оқыту мен кәсіптік практиканы немесе негізгі және кәсіптік модульдерге біріктірілген әлеуметтік - экономикалық, жалпы гуманитарлық, жалпы кәсіптік және арнайы пәндерді оқытуды қоса алғанда, орта буын мамандарын даярлауға бағытталған бағдарламалар, сондай-ақ «орта буын маманы» біліктілігі және (немесе) жұмысшы біліктілігі бар өндірістік оқудан және кәсіптік практикадан өтуді

ТЕКСЕРІЛДІ

көздейді.

Мемлекеттік мекеменің техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары іске асыратын білім беру бағдарламаларының тізбесі Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің міндетін атқарушының 2022 жылғы 7 қазандағы № 417 «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары іске асыратын білім беру бағдарламаларының тізілімін жүргізу қағидалары, сондай-ақ білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізу және алып тастау негіздерін бекіту туралы» бұйрығына сәйкес тізілімге енгізіледі.

Мемлекеттік мекеменің білім беру бағдарламаларының тізілімі білім беру саласындағы ақпараттандыру объектісінде қамтылады.

5. Мемлекеттік мекемеге қабылдау мен ұстау тәртібі

18. Мемлекеттік мекемеге оқуға қабылдау тәртібі «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 18 қазандағы № 578 бұйрығына сәйкес және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 263 «Халықты әлеуметтік қорғау саласында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарын бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы жартылай стационарлық жағдайларда арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету Стандартының талаптарына, сондай-ақ жұмысшы кадрлар мен орта буын мамандарын даярлау Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес жүргізіледі.

Орта буын білікті жұмысшы кадрларын даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламалары бойынша оқуға қабылдау конкурстық негізде жүргізіледі.

Білікті жұмысшы кадрларды даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсетін, сондай-ақ мамандық бейініне сәйкес келетін техникалық және кәсіптік (жұмысшы біліктілік), орта білімнен кейінгі, орта буын мамандықтарына түсетін адамдар үшін әңгімелесу жүргізіледі.

19. Оқуға түсушілердің тең құқықтарын қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік мекеменің қабылдау комиссиясы тұрғылықты жеріне, әлеуметтік жағдайына, жасына немесе денсаулық жағдайына қарамастан, тиісті білім беру бағдарламасын игеру үшін қажетті даярлық деңгейі бар мүгедек адамдарға қажетті шараларды қабылдайды және тең мүмкіндіктерге кепілдік береді.

20. Оқуға түскен мүгедектігі бар азаматтармен мемлекеттік мекеме шарт жасасады.

21. Қабылдау кезінде мемлекеттік мекеме мүгедектігі бар азаматты, оның ата-анасын немесе өзге де заңды өкілдерін мемлекеттік мекеменің Жарғысымен, білім беру қызметін жүргізу құқығына не лицензиямен және

ТЕКСЕРІЛДІ

қабылдау тәртібі мен оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруды реттейтін басқа да құжаттармен таныстыруға міндетті.

6. Білім беру процесін ұйымдастыру тәртібі (оның ішінде оқыту тілі (тілдері) және тәрбиелеу, білім алушылардың оқу режимі)

22. Мемлекеттік мекеме білім беру және тәрбие, оқу-әдістемелік процесін Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 «Тиісті типтердегі және түрлердегі мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының қызметінің Үлгілік қағидаларына, сондай-ақ осы Жарғыға сәйкес дербес ұйымдастырады.

23. Мемлекеттік мекемедегі оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың негізі – оқу-тәрбие жұмыстарын жоспарлау және есепке алу, оқу жоспарлары мен бағдарламаларын уақытылы әрі сапалы орындау. Бұл бекітілген оқу жылының оқу-тәрбие процесі және теориялық пен практикалық сабақтардың кестесі негізінде жүзеге асырылады.

24. Мемлекеттік мекемеде білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру оқу процесінің кестесіне сәйкес басталып, аяқталады. Оқу жылы ішінде білім алушыларға кемінде екі рет демалыс кезеңдері белгіленеді.

Білім беру бағдарламалары, сабақ кестесі, оқу процесінің кестесі және жұмыс оқу жоспарлары бекітілген нормативтік құжаттарға сәйкес жасалады.

Аудиториялық сабақтардың барлық түрлері үшін ұзақтығы 45 минут академиялық сағат белгіленеді.

25. Білім алушыларды ауыстыру тәртібі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 қаңтардағы № 19 «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру саласындағы мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.


26. Мемлекеттік мекемеде академиялық демалыс беру тәртібі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 506 «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға академиялық демалыстар беру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

27. Мемлекеттік мекемедегі білім алушылар, педагогтер және кәмелетке толмаған білім алушылардың заңды өкілдері оқу процесінің қатысушылары болып табылады.

28. Мемлекеттік мекемеде ұжымдық басқару органдары құрылады:

- 1) педагогикалық кеңес;
- 2) оқу-әдістемелік кеңес;
- 3) қамқоршылық кеңес;
- 4) педагогикалық этика кеңесі.

29. Мемлекеттік мекемеде білім алушыларға «жұмысшы» немесе «орта буын маманы» біліктілігі беріледі.



30. Мемлекеттік мекеме білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз ету мақсатында басшылық құрам мен педагогтердің біліктілігін арттыруды Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» Заңына сәйкес жүзеге асырады.

7. Білім алушылардың білімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүйесі, олардың нысандары мен өткізу тәртібі

31. Білім алушылардың оқу бағдарламасын меңгеруін бақылау мақсатында білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау және аралық бақылау аттестаттауды жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес аралық және қорытынды аттестаттау жүргізіледі. Аттестаттау нысаны мен мерзімдері Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің нұсқаулықтарына сәйкес айқындалады.

32. Мемлекеттік мекеме білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылауды және аралық аттестаттауды өткізудің нысандарын, тәртібін және кезеңділігін дербес таңдайды. Аттестаттау оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес курстық жобаларды (жұмыстарды) қорғау, сынақтар және емтихандар және практика бойынша есептерді тапсыру түрінде жүргізіледі. Сынақтар мен курстық жобаларды (жұмыстарды) қорғау емтихан сессиясы басталғанға дейін өткізіледі (бар болған жағдайда).

33. Оқу жоспарының талаптарын толық орындаған және аралық аттестаттау бойынша барлық сынақтар мен емтихандарды сәтті тапсырған білім алушылар мемлекеттік мекеме басшысының бұйрығымен келесі курсқа көшіріледі.

34. Білім алушылардың білім беру бағдарламалары бойынша біліктілік емтиханын, арнайы пәндер және (немесе) модульдер бойынша қорытынды емтихандарын, дипломдық жобаны (жұмысты) орындау және қорғау немесе арнайы пәндердің (немесе) модульдердің бірі бойынша бітіру жұмысының қорғалуын қамтитын қорытынды аттестаттауы оқу процесінде белгіленген мерзімде, оқу жоспарларында қарастырылған нысандарда өткізіледі.

35. Білім беру және арнайы бағдарламаларды меңгеру бітірушілерді міндетті мемлекеттік қорытынды аттестаттаумен аяқталады, оның нәтижелері бойынша мемлекеттік үлгідегі білім туралы құжат Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 39 «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаттардың түрлерін, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың нысандарын және оларды есепке алу мен беру қағидаларын, сондай-ақ білім беру ұйымдарында білім нысанын бекіту туралы» алуы аяқтамаған адамдарға берілетін анықтаманың нысанын бекіту туралы»

ТЕКСЕРІЛДІ

бұйрығына сәйкес беріледі.

8. Білім алушыларды шығару негіздері мен тәртібі

36. Мемлекеттік мекемеден білім алушыларды шығару үшін:

- 1) кәмелет жасына толған білім алушының жазбаша өтініші;
- 2) аралық аттестаттау нәтижелері;
- 3) дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы;
- 4) мүгедектігі бар азаматтар, егер олар заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік мекемеге қабылданып, бірақ дәлелді себептерсіз 10 күн ішінде оқуын бастамаған жағдайда, педагогикалық кеңестің ұсынысы негіз болып табылады.

9. Мемлекеттік мекеменің білім алушылармен, олардың ата-аналарымен және өзге де заңды өкілдерімен қарым-қатынастарын рәсімдеу тәртібі

37. Мемлекеттік мекеме, білім алушылар, олардың ата-аналары мен өзге де заңды өкілдері арасындағы қарым-қатынастар келісімшарт негізінде реттеледі. Келісімшартта білім беру деңгейі, оқу мерзімі, көрсетілетін арнайы әлеуметтік қызмет түрлері және басқа да шарттар айқындалады.

38. Білім алушылардың құқығы:

- 1) міндетті мемлекеттік білім беру стандарты аясында сапалы білім алу, сондай-ақ кепілдік берілген көлемдегі арнайы әлеуметтік қызметтерді алу;
- 2) жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктеріне сәйкес қосымша білім және білім беру қызметтерін алу;
- 3) бір мамандықтан екіншісіне ауысу және қайта қабылдану;
- 4) оқу-әдістемелік материалдармен, оқулықтармен қамтамасыз етілу және ақпараттық ресурстарды тегін пайдалану;
- 5) кітапхананы, оқу залдарын, конференц-залдарды және спорт залдарын тегін пайдалану;
- 6) оқу, ғылыми және шығармашылық жетістіктері үшін марапаттар мен көтермелеулер алу.

39. Медициналық көрсеткіштерге және басқа да ерекше жағдайларға байланысты білім алушыларға академиялық демалыс беріледі.

40. Қажет болған жағдайда, оқуға қабылданған білім алушылар жатақханамен қамтамасыз етіледі.

41. Білім алушылар мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талаптарына сәйкес практикалық дағдылар мен білімдерді меңгеруге, ішкі тәртіп ережелерін сақтауға, мемлекеттік мекеме Жарғысында көрсетілген басқа да талаптарды орындауға міндетті.

42. Міндеттерін бұзған білім алушыларға тәртіптік шаралар, сондай-ақ ішкі тәртіп ережелерінде, осы Жарғыда немесе білім беру мен арнайы әлеуметтік қызметтер көрсету туралы келісімшартта қарастырылған басқа да шаралар қолданылады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
ТЕКСЕРІЛДІ

43. Білім алушылардың ата-аналары мен өзге де заңды өкілдері:

1) білім алушының жеке бейімділіктері мен ерекшеліктерін ескере отырып, мамандық таңдауға;

2) мемлекеттік мекемеден білім алушының үлгерімі, тәртібі және оқу жағдайлары туралы ақпарат алуға;

3) оқу және тәрбие мәселелері бойынша кеңес алуға құқылы.

44. Білім алушылардың ата-аналары мен өзге де заңды өкілдері:

1) білім алушылардың өмірі мен оқуы үшін қауіпсіз және қолайлы жағдай жасауға, олардың интеллектуалдық және физикалық қабілеттерін дамытуға, сондай-ақ моральдық тәрбиесіне ықпал етуге;

2) мемлекеттік мекемемен өзара әрекеттесуге;

3) білім алушылардың сабақтарға қатысуын, оқу процесі мен өндірістік практикаға араласуын қамтамасыз етуге, сондай-ақ олардың үлгеріміне бақылау жасауға міндетті.

10. Мемлекеттік мекемені басқару

45. Мемлекеттік мекемені жалпы басқаруды Уәкілетті органы жүзеге асырады.

46. Уәкілетті органы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ретпен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) мемлекеттік мекемеге мүлікті бекітіп береді;

2) мемлекеттік мекеменің қаржыландыру жоспарын бекітеді;

3) мемлекеттік мекеме мүлкінің сақталуына бақылауды жүзеге асырады;

4) мемлекеттік мекеменің басқару органдарының құрылымын, құрылуы тәртібі мен өкілеттік мерзімін, мемлекеттік мекеменің шешімдер қабылдау тәртібін анықтайды;

5) мемлекеттік мекеме басшысының құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігін, сондай-ақ оны лауазымынан босату негіздерін айқындайды;

6) мемлекеттік органдар болып табылатын мемлекеттік мекемелерді қоспағанда, мемлекеттік мекеменің құрылымы мен шекті штаттық санын бекітеді;

7) мемлекеттік мекеме басшысының ұсынымы бойынша оның орынбасарын (орынбасарларын) лауазымға тағайындайды және лауазымынан босатады;

8) жылдық қаржы есептілікті бекітеді;

9) мемлекеттік мүлік жөніндегі Уәкілетті органға мемлекеттік мекемеге берілген немесе өзінің шаруашылық қызметінің нәтижесінде олар сатып алған мүлікті алып қоюға немесе қайта бөлуге жазбаша келісімін береді;

10) осы Жарғының және Қазақстан Республикасының басқа да заңнамасында белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

47. Мемлекеттік мекеме басшысы Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Уәкілетті органымен қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

48. Мемлекеттік мекеменің басшысы мемлекеттік мекеменің жұмысын



43. Білім алушылардың ата-аналары мен өзге де заңды өкілдері:

1) білім алушының жеке бейімділіктері мен ерекшеліктерін ескере отырып, мамандық таңдауға;

2) мемлекеттік мекемеден білім алушының үлгерімі, тәртібі және оқу жағдайлары туралы ақпарат алуға;

3) оқу және тәрбие мәселелері бойынша кеңес алуға құқылы.

44. Білім алушылардың ата-аналары мен өзге де заңды өкілдері:

1) білім алушылардың өмірі мен оқуы үшін қауіпсіз және қолайлы жағдай жасауға, олардың интеллектуалдық және физикалық қабілеттерін дамытуға, сондай-ақ моральдық тәрбиесіне ықпал етуге;

2) мемлекеттік мекемемен өзара әрекеттесуге;

3) білім алушылардың сабақтарға қатысуын, оқу процесі мен өндірістік практикаға араласуын қамтамасыз етуге, сондай-ақ олардың үлгеріміне бақылау жасауға міндетті.

10. Мемлекеттік мекемені басқару

45. Мемлекеттік мекемені жалпы басқаруды Уәкілетті органы жүзеге асырады.

46. Уәкілетті органы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ретпен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) мемлекеттік мекемеге мүлікті бекітіп береді;

2) мемлекеттік мекеменің қаржыландыру жоспарын бекітеді;

3) мемлекеттік мекеме мүлкінің сақталуына бақылауды жүзеге асырады;

4) мемлекеттік мекеменің басқару органдарының құрылымын, құрылуы тәртібі мен өкілеттік мерзімін, мемлекеттік мекеменің шешімдер қабылдау тәртібін анықтайды;

5) мемлекеттік мекеме басшысының құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігін, сондай-ақ оны лауазымынан босату негіздерін айқындайды;

6) мемлекеттік органдар болып табылатын мемлекеттік мекемелерді қоспағанда, мемлекеттік мекеменің құрылымы мен шекті штаттық санын бекітеді;

7) мемлекеттік мекеме басшысының ұсынымы бойынша оның орынбасарын (орынбасарларын) лауазымға тағайындайды және лауазымынан босатады;

8) жылдық қаржы есептілікті бекітеді;

9) мемлекеттік мүлік жөніндегі Уәкілетті органға мемлекеттік мекемеге берілген немесе өзінің шаруашылық қызметінің нәтижесінде олар сатып алған мүлікті алып қоюға немесе қайта бөлуге жазбаша келісімін береді;

10) осы Жарғының және Қазақстан Республикасының басқа да заңнамасында белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

47. Мемлекеттік мекеме басшысы Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Уәкілетті органымен қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

48. Мемлекеттік мекеменің басшысы мемлекеттік мекеменің жұмысын

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ
ӘДІЛЕТ БІЛІМ АЛҒАН
ТЕКСЕРІЛДІ

ұйымдастырады және оған басшылық жасайды, Уәкілетті органға тікелей бағынады (Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда) және мемлекеттік мекемеге жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз функцияларын жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

49. Мемлекеттік мекеменің басшысы дара басшылық қағидаты бойынша әрекет етеді және мемлекеттік мекеме қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

50. Мемлекеттік мекеме басшысының мемлекеттік мекемемен жарғылық емес қызметті жүзеге асыруға бағытталған әрекеті еңбек міндеттемелерін бұзу болып табылып, тәртіптік және материалдық жауапкершілікке әкеледі.


51. Мемлекеттік мекеменің қызметті жүзеге асыруы барысында мемлекеттік мекеме басшысы Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- 1) мемлекеттік мекеме атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- 2) мемлекеттік органдарда, басқа да ұйымдарда мемлекеттік мекеменің мүдделерін білдіреді;
- 3) шарттар жасайды;
- 4) сенімхаттар береді;
- 5) мемлекеттік мекеменің іссапарларға, тағылымдамаға, қызметкерлерді қазақстандық және шетелдік оқу орталықтарында оқытуға және қызметкерлердің біліктіліктің жоғарлатудың өзге де түрлеріне байланысты тәртібі мен жоспарларын бекітеді;
- 6) банк шоттарын ашады;
- 7) барлық қызметкерлер үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;
- 8) Уәкілетті органы тағайындайтын қызметкерлерден басқа, мемлекеттік мекеме қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;
- 9) мемлекеттік мекеме қызметкерлеріне, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көтермелеу және жазалау шараларын қолданады;
- 10) өз орынбасарының (орынбасарларының) және мемлекеттік мекеменің өзге де басшы қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттіктер аясын айқындайды;
- 11) оған Қазақстан Республикасы заңнамасымен, осы Жарғымен және Уәкілетті органының жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

11. Мемлекеттік мекеме мүлкінің құрылу тәртібі

52. Мемлекеттік мекеме мүлкін құны оның теңгерімінде айқындалатын заңды тұлғаның активтері құрайды. Мемлекеттік мекеменің мүлкі мыналардың:

- 1) оған меншік иесі берген мүлік;
- 2) өз қызметі барысында сатып алған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда);
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де



қаржы көздері есебінен құрылады.

53. Мемлекеттік мекеме дербес иеліктен шығаруға немесе оған бекітілген мүлік пен оған смета қаражаты бойынша мүлікке өзгеше тәсілмен иелік етуге бөлінген құқығы жоқ.

54. Мемлекеттік мекеменің қызметі Уәкілетті органы арқылы бюджеттен қаржыландырылады.

55. Мемлекеттік мекеме бухгалтерлік есеп жүргізеді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есептілік ұсынады.

56. Мемлекеттік мекеменің қаржылық-шаруашылық қызметін тексеру және ревизиялау Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен Уәкілетті органы жүзеге асырады.

12. Мемлекеттік мекемедегі жұмыс тәртібі

57. Мемлекеттік мекеменің жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібінің қағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

13. Құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

58. Мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу Құрылтайшының шешімі бойынша жүзеге асырылады және «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркеу рәсімінен өтеді.

14. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату шарттары

59. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Құрылтайшының шешімі негізінде жүзеге асырылады.

60. Мемлекеттік мекеме заңнамалық актілермен басқа да негіздер бойынша таратылуы мүмкін.

61. Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған таратылған мемлекеттік мекемені мүлкін Уәкілетті органы қайта бөледі.

62. Таратылған мемлекеттік мекеменің мүлкін өткізу нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, осы мекеменің кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған ақшасы тиісті бюджет кірісінің есебіне жатқызылады.

15. Мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері туралы



мәліметтер

63. Мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері жоқ.

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ
ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
ТЕКСЕРІЛДІ



Приказ
от 11.08.2025 года
№ 11/25
г. Туркестан

Устав коммунального государственного учреждения «Специальный профессиональный колледж» управления координации занятости и социальных программ Туркестанской области»

1. Общие положения

1. Коммунальное государственное учреждение «Специальный профессиональный колледж» управления координации занятости и социальных программ Туркестанской области (далее - государственное учреждение) является некоммерческой организацией, обладающей статусом юридического лица, осуществляющая функции обучения, проживания и медицинского обслуживания лиц с инвалидностью в организационно-правовой форме государственного учреждения.

2. Государственное учреждение создано решением Туркестанской области от 22 августа 2018 года №247.

3. Учредителем государственного учреждения является акимат Туркестанской области (далее - Учредитель).

4. Уполномоченным органом государственного учреждения, а также органом, осуществляющим по отношению к нему функции субъекта права в отношении имущества государственного учреждения является государственное учреждение «Управление координации занятости и социальных программ Туркестанской области» (далее - Уполномоченный орган).


5. Наименование государственного учреждения: коммунальное государственное учреждение «Специальный профессиональный колледж» управления координации занятости и социальных программ Туркестанской области.

6. Место нахождения коммунального государственного учреждения: Республика Казахстан, Туркестанская область, 160400, город Кентау, проспект Д.Кунаева, дом № 28.

